БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры:
А.Анесй
«01» 09 2022 г.

# Психологиялық қызметтің перспективті жұмыс жоспары
## 20201-2022 оқу жылына

**Психологиялық қызметтің мақсаты**: білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіптік білім беру траекториясын саналы түрде таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

1) оқу процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, олардың пайда болуының негізгі проблемалары мен себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын анықтау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;

2) баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның оқу үдерісіндегі психологиялық даму динамикасын мониторингілеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;

3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру нәтижелеріне мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу;

4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық мәселелерін еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерде бейімделу, оқыту және тәрбиелеудегі қиындықтарға бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеру арқылы өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын дамытуға және қалыптастыруға жәрдемдесу;

6) білім беру процесіне қатысушыларға өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне деген сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, білім беру процесіне қатысушылардың жеке басының құқықтарына нұқсан келтірместен белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеуде және қалыптастыруда жәрдемдесу;

7) білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу саласындағы ғылыми және тәжірибеге бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және мүдделі білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер өзара іс-қимыл жасау.

| Іс-шаралар | Жұмыс түрі | Жұмыс тобы | Орындау мерзімі | Ескертпелер | Есеп беру нысаны |
|---|---|---|---|---|---|
| агностикалық бағыт | | | | | |
| 1.Бейімделу процесінің диагностикасы Керн-Йирасек әдісі<br>2.Бейімделу процесінің диагностикасы Филлипс сынағы "мектептегі мазасыздық" Н.Г. Лусканова мектеп мотивациясын анықтау әдістемелері<br>3. Бейімделу процесінің диагностикасы Құндылық бағдарларын зерттеу, "Социометрия" | бейімделу кезенінің процесі | 1)1 класс сынып<br>2)4-6 сынып<br>3) 10 сынып | Қыркүйек-казан | | Анықтама |
| Мұғалімдерге арналған сауалнама Рахманқұлова Әдістемесі | мектептегі дезадаптацияны анықтау | мұғалімдер | Қыркүйек-казан | | Анықтама |
| Ата-аналарға арналған сауалнама Рахманқұлова Әдістемесі | | 1,5 сынып ата-аналары | Қыркүйек-казан | | Анықтама |
| Баланың мазасыздық деңгейін бағалау Захаров тесті | Баланың мазасыздық деңгейін анықтау | ата-аналар | Қазан-қаңтар | (сұраныс бойынша) | Анықтама |
| 1.Диагностика мамандықтардың жіктелуі ДДО Климов<br>2.Қызығушылықтар мен қызметке бейімділікті табу диагностикасы Голмштоктың" Қызығушылық Картасы" | бейін алдындағы дайындық және бейіндік оқыту. | 9-11 сыныптар | Ақпан-наурыз | | Анықтама |
| 1.Сауалнама"ағаш" әдісі,<br>2."Мазасыздықты көрсетудің жеке шкаласы" Дж. Тейлор<br>3"Кактус" | оқушыларды қорытынды аттестаттауға дайындау ЕНТ | 1. 9, 11 сыныптар<br>2. 9,11сыныптар<br>3.4 сыныптар | Қаңтар-ақпан | 2,(сұраныс бойынша) | Анықтама |
| Оқушылардың ата-аналарына арналған сауалнама | | 11 сынып ата-аналары | Ақпан | (сұраныс бойынша) | Анықтама |
| 1.Мен өзімді қалай көремін (А. и. Савенков)<br>2.Білім алушыларға өзін-өзі бағалау әдісі | Дарынды балаларды анықтау. | 1.1-4 сыныптар | Қыркүйек-қаңтар | (педагогтердің сұрауы бойынша) | Анықтама |
| "Дарындылық картасы"әдістемесі (А. И. Савенков) | | 2-4 сынып ата-аналары | Қыркүйек-қаңтар | | Анықтама |
| Жедел диагностика<br>Мінездемелік тұлғалық ерекшеліктері Айзенк тесті | Асоциалды мінез-құлық балаларын және "тәуекел тобындағы" балаларды анықтау. | 5,8 сыныптар | | (топтық, жеке) | Анықтама |
| Басса Дарки Әдісі | | 6-8 сыныптар | Наурыз | | Анықтама |
| Баланың мазасыздық деңгейін бағалау Захаров тесті | Ерекше білім беру кажеттіліктері бар оқушылардың мазасыздығын анықтау | 1 - 11 сыныптар | Жыл бойы | (сұраныс бойынша) | Анықтама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Оқушылардың зияткерлік қабілеттерін диагностикалау<br>М. Битянова | Оқуда қиындықтары бар оқушылардың үлгермеу себептерін анықтау | 4 сынып | Жыл бойы | | Анықтама |
| **онсультативтік бағыт** | | | | | | |
| | "Сынып жетекшісінің жұмысындағы кәсіби бағдар" | | Сынып жетекшілер | Жыл бойы | | Хаттама |
| | "ҰБТ-ны дайындау және сәтті тапсыру кезіндегі психологиялық жайлылық" | | Мұғалімдер | Жыл бойы | | Хаттама |
| | Кеңес беру " дарындылық дегеніміз не?» | | Мұғалімдер | Жыл бойы | | Хаттама |
| | "Тәуекел тобындағы" оқушылармен жеке әңгімелер | | Оқушылар | Жыл бойы | | Хаттама |
| | "Қиын өмірлік жағдайдағы балалар"<br>"Жасөспірімнің психологиялық ерекшеліктері"<br>"Қиын бала. Ол қандай?». | | Ата-аналар | Жыл бойы | | Хаттама |
| | Кеңес беру<br>"Балалық шақтағы салауатты өмір салты – өмір бойы денсаулық кепілі! | | Оқушылар | Жыл бойы | | Хаттама |
| | Кеңес беру<br>"Мамандық таңдау-жауапты іс" | | Оқушылар | Жыл бойы | | Хаттама |
| **Даму (түзету) бағыты** | | | | | | |
| | "Мектеп өміріне кіру" | бейімделу кезеңінің процесі (1, 5, 10 сыныптар) | 1 сынып | қыркүйек-қазан | | Түзету сабақтары |
| | "Орта мектепті бастаушы" | | 5 сынып | Қазан | | Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру бойынша Тренинг |
| | "Қиылыс" бағдарламасы бойынша профилактикалық сабақ | | 10 сынып | Қараша | | Бағдарлама |
| | "Мамандық білгірлерінің клубы" | бейін алдындағы дайындық және бейіндік оқыту. | 9 сынып | Сәуір | | Дөңгелек үстел |
| | "Мамандық таңдау сабақтары" | | 11 сынып | Мамыр | | Проф.тренинг |
| | "Табысқа жету жолы" емтихандарын дайындау мен тапсыруды психологиялық сүйемелдеу бағдарламасы бойынша Тренинг | оқушыларды қорытынды аттестаттауға дайындау | 11 сынып | Жыл бойы | | Бағдарлама |
| | "Тәуекел тобынан" және әлеуметтік қауіпті жағдайдағы оқушылардан "тірек нүктесі" бағдарламасы бойынша Тренинг | Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы оқушылардың мінез құлқын түзету | Бақылау тобы мен тәуекел тобы | Жыл бойы | | Бағдарлама |
| **Психологиялық-педагогикалық ағарту** | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ата-аналар жиналысында сөз сөйлеу 1,5,10 сыныптар<br>"Оқу мотивациясы-табысты оқытудың негізгі шарты" | бейімделу кезеңінің процесі (1, 5, 10 сыныптар) | Ата-аналар мен мұғалімдер | Қазан | | Ақпарат |
| "Балалармен өзара әрекеттесу ережелері" | Ақпараттық білім беру | Сынып жетекшілер | Жыл бойы | | Буклет |
| "Ересектерге арналған Парақ" | | Ата-аналар | Жыл бойы | | Жадынама |
| "Диагностика нәтижелері туралы әңгіме" - ата-аналар жиналысы | бейін алдындағы дайындық және бейіндік оқыту. | Ата-аналар 9,11 сыныптар | Наурыз | | Материалдарды әзірлеу |
| "ҰБТ-ға дайындық бойынша практикалық кеңестер" | оқушыларды қорытынды аттестаттауға дайындау | Мұғалімдер | Жыл бойы | | Жадынама |
| "Балаларға емтиханға дайындалуға қалай көмектесуге болады"<br>Жоғары сынып оқушыларының ата-аналарына арналған "емтихан кезеңіндегі стресстің алдын алу"психологиялық-педагогикалық лекториясы | | Ата-аналар | Жыл бойы | | Жадынамалар |
| "Денсаулық жас кезінде сақталатын құндылық па?»<br>"Агрессивтілік, сенімсіздік және өзіне деген сенімділік"<br>"Жауапты мінез-құлық дегеніміз не?» | Асоциалды мінез-құлық балаларды және "тәуекел тобындағы" балаларды анықтау. | Мұғалімдер | Жыл бойы | | Буклеттер |
| "Қиын жасөспірімді қалай түсінуге болады?»<br>"Агрессия. Себептері мен салдары" | | Ата-аналар | Жыл бойы | | Жадынамалар |
| "Отбасылық ережелер, қалай сүю және сүйікті болу керек" | | Ата-аналар | Жыл бойы | | Жадынама |
| "Нашақорлықтың, маскүнемдіктің, уытқұмарлықтың, темекі шегудің алдын алу" | Салауатты өмір салтын қалыптастыру. | 8-11 сыныптар | Наурыз | | Сабақ |
| "Балалық шақтағы салауатты өмір салты – өмір бойы денсаулық кепілі! | Жыныстық қол сұғылмаушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу | 2-5 сыныптар | Қаңтар | | Сабақ |
| "Баланың жеке қабілеттері мен бейімділігі"<br>"Танымдық процестерді жаттықтыру" | Оқуда қиындықтары бар оқушылардың үлгермеу себептерін анықтау | Ата-аналар | Жыл бойы | | Жадынамалар |
| **ымдастыру-әдістемелік бағыты** | | | | | |
| Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар бойынша деректер банкін толықтыру ( ПДК балалары, үйде оқитын мүгедек балалар, оқымайтын мүгедек балалар) | | ПМПК-мен ынтымақтастық | Жыл бойы | | Деректер банкі |
| Оқушылардың жеке карталарын толтыру | | | Жыл бойы | | Оқушы карталары |
| "Сынып жетекшілері үшін әдістемелік | | | Жыл бойы | | Әдістемелік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұсынымдар әзірлеу" | | | | | ұсынымдар |
| Жұмыс сапасын арттыруға ықпал ететін кәсіби деңгейді арттыру | | | Жыл бойы | | Сертификаттар, куәліктер |
| Әдістемелік, психологиялық әдебиеттерді зерттеу бойынша жұмыс | | | Жыл бойы | | |
| Өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасы бойынша жұмыс | | | Жыл бойы | | Өзін-өзі тәрбиелеу папкасы |
| "Жылдың үздік психологы" байқауына қатысу | | | Қазан | | Портфолио |
|Ауданның"Үздік психолог кабинеті" байқауына қатысу | | | Ақпан | | Портфолио |
| Диагностикалық Материалдарды өңдеу | | | Жыл бойы | | Анықтамалар |
| Мектеп психологтарының әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатысу | | | Жыл бойы | | Баяндамалар |
| Мектептің әдістемелік бірлестігінің жұмысына қатысу | | | Жыл бойы | | Педагогикалық кеңестердегі баяндамалар |
| **Психологиялық қызметтің бір жылдағы қызметі туралы талдамалық есептер** | | | | | |
| Психологиялық қызметтің 2023 - 2024 оқу жылындағы қызметі туралы есеп | | | Желтоқсан, маусым | | Аналитикалық есеп |

Жоспар жыл ішінде педагог - психологтың қалауы бойынша өзгертілуі тиіс *

**Педагог-психолог: Авил Т**

**Шортанды №3 жалпы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы Педагог-психологының атқарған жылдық есебі**

**Мақсаты:** Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлға аралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

**Психологиялық қызметтің міндеті**:

• Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірге көзқарасы қажетті дәреже таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
• Әрбір оқушыға мақсатты айқын мәдени - өнімдік тұлға болуға әсер ету;
• Әрбір оқушының өз мінез - құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу;
• Ұжымда жағымды психологиялық хал - ахуалдың болуына әсер ету;
• Жекелеген ауытқушылықтардың алдын –алу;
• Бәсекеге қабілетті маман даярлауға психологиялық әсер ету.

**Шортанды №3 жалпы орта мектептің психологиялық қызметтің негізгі бағыттары**

***Психологиялық зерттеу***

**Мақсаты:** Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

***Психологиялық алдын - алу***

**Мақсаты:** Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу шараларын ұйымдастыру.

***Психологиялық түзету, дамыту***

**Мақсаты:** Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

***Психологиялық кеңес беру***

**Мақсаты:** Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру.

***Психологиялық ағарту***

**Мақсаты:** Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шаралар ұйымдастыру.

**Психодиагностика жүргізу кезеңдері:**

***I. Оқушымен жеке әңгіме-сұхбат***

- Жалпы өзі жайлы толығырақ ақпарат алу;
- Мектептегі сыныпаралық ауысуындағы қиындық себебін білу;
- Отбасымен, достарымен қарым-қатынасын білу;

**Жыл бойы психодиагностикалық жұмыстар нақты бір стандарттарға**

Диагностикалық жұмыстар келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

**1-сыныптар**. **Мақсаты**: Баланың мектепке дайындығын анықтау. Диагностика: Керн-Йерасек тесті (3-субек тест-сурет, жазба түрі, нүктелер тобын көшіру, ер адамның суретін салу)

**Қатысқан оқушылар саны** : 41оқушы,жоғары деңгей-30оқушы,орта деңгей - 6оқушы,төмен деңгей -4 оқушы.

**2-3-4 сыныптармен. «Баспалдақ» әдістемесі. Мақсаты:** Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.Өзін-өзі жоғары бағалау-100оқушы,орта деңгейде бағалау 30 оқушы,өзін өзі төмен бағалау-11оқушы.

**«Социометрия» әдістемесі. Мақсаты:**Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым - қатынасын анықтау.

**4 шеңберден тұрады.**

**І.дөңгелекке** *(орталыққа) ең көп таңдалынған оқушылар түседі; ( 2 есе көп таңдалғандар)*-**80 оқушы**,**ІІ дөңгелекке**-орташа таңдалғандар-**40оқушы,**
**ІІІ дөңгелекке-елеусіз**(менсінбейтін) балалар-орташа саннан төмен-**10оқушы**
**ІҮ дөңгелекке**-оқшау қалған, шеттелген балалар бірде-бір рет таңдалынбаған **-11 оқушы.**

**Балалардың таным процестерін зерттеу әдістемелері. Мақсаты:** Баланың зейін тұрақтылығын анықтау және дамыту.Оқушылардың зейіндері тұрақты,ойлау қабілеттері жақсы дамыған.

**Сергіту сәті: «Өрмекші торы» жаттығуы, «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы. «Теңізге саяхат» релаксациялық жаттығу»,**

**Тренинг:"Мен ғажайыппын" Мақсаты:** Педагогтардың эмоцияналды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын алу, топтасып жұмыс істеужүйесін әрі қарай дамыту.

**«Эмоция» жаттығуы. Мақсаты:** Мұғалім бойында артистизм, эмоционалдылық, иілгіштік, оқушылармен қарым-қатынаста образдық пен тірлік техникаларын дамыту.

**5-ші сынып** оқушыларының жаңа буынға бейімделулерін, қалыптасу деңгейін анықтап, оқушылардың жаңа буынға тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалып, көмек көрсетілді. 5-сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу жүргізілді. Зерттеуге 5-сыныптар бойынша барлығы 41– оқушы қатысты,қорытындылары шығып, мониторинг жасалынды. **«Баспалдақ» әдістемесі. Мақсаты:** Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау,оқушылардың өзін-өзі жоғары бағалауы-30оқушы,төмен бағалауы-11оқушы, **«Социометрия» әдістемесі. Мақсаты:**Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым - қатынасын анықтау.

61 % оқушыларының бейімделу деңгейі жоғары;

- 22% оқушыларының бейімделу деңгейі орташа;
- 17% оқушыларының бейімделу деңгейі төмен;

Қараша айында «Менің сыныбым» әдістемелік сауалнамасы алынды.Бұл

5сұрақтан. Бұл әдістеме арқылы сыныптағы мынадай жағдайларды анықтауға болады:1.Конфликтілік 2.Қарым-қатынас 3.Ауыз біршілік. Жалпы сауалнама қорытындысы бойынша балаларға бір сыныпта оқитыны ұнайтындығы анықталды.

**Бесінші сыныптармен тренинг өткізілді «Мен және менің достарым»** «Мен өмірді таңдаймын» .**«Баға» жаттығуы.**

**Мақсаты:** Оқушыларды бағалаудағы өзара әрекеттесудің эффективті коммуникативтік амалдарын өндіру.

**«Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптасыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу»** бағдарламасы аясында қараша айында 8-11 сынып оқушылары арасында сауалнама өткізілді. Барлығы сауалнамаға 127 оқушы қатысты. Өтпеген оқушылар саны-жоқ. Сауалнаманың қорытындысы бойынша «Психологтың қолдау тобында» 13 оқушы тіркелді. «Психологтың қолдау тобына» жататын оқушылардың ата-аналарымен,сынып жетекшілермен әңгімелесу өткізіліп, кеңестер берілді. Әрбір оқушыға жеке жоспар, бақылау журналы құрылып жұмыс жүргізілді. «Психологтың қолдау тобындағы» оқушылармен үнемі түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде (жеке және топтық). Қолданылатын жұмыс формалары – жеке консультациялар, тренингтер, арт-терапия тәсілдері, ертегітерапия және т.б. Бұл жоба аясында әрбір сыныппен 3 дәрістік сабақ өткізілді.

**Консультативтік бағыты** бойынша қазан - қараша аралығында аралығын да "Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу" бағдарламасы бойынша суицид вахтерларын оқытып, дәрістер жүргізілді. Хаттамалары толтырылды. Сонымен қатар оқушылармен қазан,қараша ,желтоқсан айларында "Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу" бағдарламасы бойынша ата-аналарға дәріс жүргізіліп, оқушылардан сауалнама алуға ата-аналардан келісім алынды. Хаттама толтырылып, қорытынды есеп, акт жасалынды.

**«Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптасыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу»** бағдарламасы аясында қараша айында 8-11 сынып оқушылары арасында сауалнама өткізілді. Барлығы сауалнамаға 127 оқушы қатысты. Өтпеген оқушылар саны-жоқ. Сауалнаманың қорытындысы бойынша «Психологтың қолдау тобында» 13 оқушы тіркелді. «Психологтың қолдау тобына» жататын оқушылардың ата-аналарымен,сынып жетекшілермен әңгімелесу өткізіліп, кеңестер берілді. Әрбір оқушыға жеке жоспар, бақылау журналы құрылып жұмыс жүргізілді. «Психологтың қолдау тобындағы» оқушылармен үнемі түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде (жеке және топтық). Қолданылатын жұмыс формалары – жеке консультациялар, тренингтер, арт-терапия тәсілдері, ертегітерапия және т.б. Бұл жоба аясында әрбір сыныппен 3 дәрістік сабақ өткізілді.

**9-10сыныптармен оқушыларының жаңа оқу жағдайына бейімделуі.**

Ч.Д.Спилбергер әдістеме жұмысы жүргізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың танымдық белсенділік деңгейін, мазасыздану және жағымсыз қызу әсерлену шіліктердің барысын айқындауға болады.

Әдістеме жұмысын өткізгеннен кейін, оқушылардың жалпы эмоциялық процессінің бейімделу кезеңінде – мазасызданушылық, танымдық белсенділікті арттыру және оқуға деген мінез-құлықтарының өзгергенін көре аламыз.

10 сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі бойынша жүргізілген әдістеменің қорытындысы:

Оқушылардың 83% өздерін сенімді және мазасыздық сезімдері байқалмайды. Оқушылардың 83% сабакта өздерін сенімді және мазасыздық сезімдері байқалмайды. Оқушылардың 17% сабақта мазасыздық сезімдері орташа деңгейінде байқалады.

Оқушылардың 17% сабакта және күнделікті жағдайда мазасыздық сезімдері орташа деңгейінде байқалады.

Оқушылардың 17% күнделікті *жағдайға және қоршаған әлемге қызығушылығын* орташа деңгейде көрсетілген.

Оқушылардың 83% жоғары деңгейде көрсетілген.

Оқушылардың 17% танымдық белсенділігі төмен деңгейде көрсетілген.

Оқушылардың 17 % сабаққа деген танымдық белсенділігін орташа деңгейде көрсетілген.

Оқушылардың 83% сабаққа деген танымдық белсенділігін жоғары деңгейде көрсетілген.

Жүргізілген әдістемелердің қорытындысы бойынша оқушылардың жалпы эмоциялық процессінің бейімделу кезеңі – мазасызданушылық, танымдық белсенділігі және оқуға деген мінез-құлықтарының қалыпты жағдайда анықталды. Оқушылардың 83% бейімделу деңгейі жоғары, 17% оқушыларының бейімделу деңгейі орташа.

**«Ағаш» әдістемесі бойынша** тест алынды мақсаты оқушылардың өзін өзі бағалау,сонымен қатар «Адамгершілік және жыныстық тәрбие» туралы анықтау мақсатында сауалнама өткізілді.

**Тренинг. «Сенің ерекше қабілетің» Мақсаты:** оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру; түрлі жаттығулар арқылы таным процестерін дамыту, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу. **«Мамандық қасиеттері» жаттығуы «Жасырылған мамандықты тап!» жаттығуы, «Әріпті мамандық» ойыны.**

**Тренинг: «Менің сүйікті мамандығым»**

**Мақсаты:** Оқушылар психологтарына арналған тренинг олардың бойындағы мынадай маңызды сапаларды: кәсіби іс-әрекеттердің эффективті индивидуалды стилін қалыптастыру; оқушылармен, олардың ата-аналарымен, басшылықпен, әріптестерімен сонымен қатар өз отбасы мүшелерімен ойдағыдай қарым-қатынас жасай алуын қалыптастырып, дамыту үшін қажет.

Тренинг тағы мынадай қасиеттерді: балаға позитивті қарым-қатынас, оқушыны эмоцияналды қабылдау, олармен тілдесудің коммуникативті амалдарын дамыту, өзін-өзі регуляциялаудың эффективті тәсілдерін қалыптастыруға көмек береді.

**11-сынып оқушыларымен өткізілген тренинг:**

ҰБТ - ға сеніммен барайық, **Мақсаты:** Оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету.

**«Мен кіммін»** әдістемесі
Мақсаты: Оқушылардың «Кеше кім»?, «Бүгін кім?», «Ертең кім?» болатынын түсіндіре отырып, өзінің кімге сәйкестендіретіндігін анықтау.

**«Стрессті қалай жеңуге болады?»** психологиялық ойын
**Тренинг«Сенімділігім серігім»**
Мақсаты: Мектеп бітірушілерді ҰБТ-ға дайындау кезінде оқушылардың бойында сенімділікті қалыптастыру.

**Кәсіпті таңдау тесті (Голланда әдісі). Мақсаты:** Голландық көзқарас бойынша мамандық тұжырымдамасында кәсіптік қанағаттанушылық тұрақтылық т.б. ең бірінші кезекте жеке адам типінің кәсіптік ортасына байланысты екендігін оқушыларға түсіндіру. **Реалистик типті - 5оқушы. Интелектуалдық типті-6 оқушы, Конвенциялық типті -2 Артистік типті – 5оқушы. білдіреді.**

Сонымен қатар қазан - караша айларында 1-5 сынып оқушыларын ПМПК – дан өткізілді. 2 «А» сыныбында таным процестерін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар: жүргізілді. «Шатастыру», «Домино», «Барлаушы», Есте сақтау қабілетін анықтау болды.

**Ата-аналармен жұмыс:**

**«Ата-ана махаббаты» тренинг Мақсаты:** Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

**Баяндама. «Ата-ана махаббаты»**
**Мақсаты:**Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынстарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты.
**« Біз біргеміз!» жаттығулар Мақсаты:** Отбасындағы қарым –қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-аналар мен балаларға қолдау көмек көрсету.
**«Біз бақытты жанұямыз!» сергіту сәті**
Алдын-ала салынған суреттер арқылы өз балаларыңыздың салған суреттерін тауып алыңыздар.
**«Өтінемін» ойыны. Мақсаты:** Ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне көңіл бөлу, бір-бірін тыңдай білуге үйрету.

**«Тілек шамы». Мақсаты:** Жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз.

**Отбасы тренингі Тақырыбы:** «Отбасы қарым-қатынастар үндестігін қалай құруға болады?» **Мақсаты:** Республикалық «Сенің-құқығың –менің құқығым» атты онкүндік жоспарына сай ата-аналардың құқықтық сауаттылық деңгейлерін арттыруға ықпал ету. Балаға тәрбие берудегі жауапкершіліктерінің қалыптасуына көмектесу.










**Мектеп психолог** **Авил Т**

**«Ақмола облысы білім басқармасы Шортанды ауданы бойынша білім білім бөлімі Шортанды кентінің №3жалпы орта білім беретін мектебі»КММ**

**«Бекітемін»**

**Мектеп директоры:**

**Анесий Азамат**

# Мұғалімдерге жеке кеңес беру журналы

Педагог психолог: Авил Т

2021-2022 оқу жылы

«Ақмола облысы білім басқармасы Шортанды ауданы бойынша білім білім бөлімі  Шортанды кентінің №3жалпы орта білім беретін   мектебі»КММ

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Анесий Азамат

# Оқушыларға жеке кеңес беру  журналы

Педагог психолог  Авил Т

2021-2022 оқу жылы